

ӘОЖ 93/94

**МАЙДАН БАСПАСӨЗІНДЕ КЕҢЕС ХАЛЫҚТАРЫ ДОСТЫҒЫН ҮГІТ-  
НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСЫ**

**Оразаев С.Б.**

тарих магистрі, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

Ұлы Отан соғысы біздің еліміздегі ұлтаралық қатынастарды қатаң сынады. Батыс тарихнамасында тіпті кеңестік мемлекеттің көпұлттылығы ол үшін «күмәнді стратегиялық артықшылық» болды деген пікір де айтылды.

Елдің саяси басшылығы кеңес әскерінің көп ұлтты бөлімшелеріндегі түрлі ұлт жауынгерлерімен жұмыс жасауға ерекше назар аударды. 1940ж. из Қызыл Армияның 4,2 млн. жауынгері мен командирлерінің 61%-н орыстар, 19,6% — украиндар, 4,1% — белорустар,

15,3% — өзге ұлт өкілдері құрады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарулы Күштер қатарын 20 млн. астам адам толықтырып, олардың жартыдан көбі орыстар, 4,5 млн. Украина өкілдері, 1 млн. астамы Белоруссиядан, 600 мыңы Грузиядан, 450 мыңы Армениядан, 1 млн. Өзбекстаннан болды [1].

1942 ж. өзінде Қарулы күштердегі ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі шектен тыс өзектіге айналды, себебі соғыстың алғашқы 10 айында мобилизация бойынша оның қатарына Кеңес Одағының аумағында тұратын барлық дерлік ұлттың сарбаздары енді. Негізінен Өзбекстан, Армения, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Тәжікстан, Түркмения, Өзбекстан мен Эстонияның адами және материалдық ресурстары есебінен 80-нен астам ұлттық және жалпыодақтық дивизия мен жеке бригада жасақталды.

1942 ж. жаз-күз айларында майдандағы қайғылы оқиғалар барысында әскердегі көңіл-күй нашарлап, әскерден қашу, өз-өзіне зиян келтіру, жау жағына шығып кету жағдайлары жиіледі. Волхов майданы Әскери кеңесінің мүшесі Л.З. Мехлис, 1942 ж. қазанда 2-соққыштар және 8-армияның саяси бөлім бойынша командирлер орынбасарларының мәжілісінде сөз сөйлеп тұрып, бұл әскери бірлестіктердің саяси құрамын соғыс жағдайында түрлі ұлт солдаттары арасында тәрбие жұмысының нашар жүргізілетініне кінәлі деп айыптады. Ол майдан батальондарында болған кейбір ұлттық жерлестіктердің жау жағына өтіп, тұтқынға берілу фактілерін мысал етіп келтірді.

Қызыл Армиядағы ұлты орыс емес солдаттардың, әсіресе Орталық Азия мен Кавказдың алыс аудандарынан шақырылған солдаттардың жағдайы оңай болған жоқ. Бұл туралы, мысалы, Өзбекстан қызыл әскерлерінің Сталин атына жазған хаты айтып береді. Олар хатта «армиядағы сабақтардың барлығы орыс тілінде жүретініне шағымданған. Өзге ұлттар түсінбегендіктен артта қылап, оларға сөз тиетін болған».

ҚАҚБ Бас Саяси басшылығы соғыс кезінде кеңес әскерлерінің жеке құрамында болған өзгерістерді өз әрекеттерінде ескерді. Басқарманың 1942 ж. 17 қыркүйектегі директивасында былай делінді: «Бөлімдер мен бөлімшелердің саяси органдары мен комиссарлары ұлты орыс емес қызыл әскерлер мен кіші командирлермен жүргізілетін тәрбие жұмысына бірінші кезекте (бірінші кезекте Кавказ және Орталық Азиядан келген ұлттарға) көңіл аударсын». Құжатта Кавказ және Орталық Азия республикаларынан келген солдаттармен саяси жұмыс жүргізу керектігіне ерекше назар аударылды. Мұның барлығы неміс әскери басшылығының КСРО-дағы мұсылман халықтарға қатысты құрған жоспарларына байланысты болды.

Кеңес Одағына шабуыл жасауды ойластыра отырып, гитлерлік стратегтер Кеңес Одағы халықтарының ұлтаралық бірлігін бұрынғы Балтық жағалауы мемлекеттері, Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Солтүстік Кавказ және Орталық Азияның кейбір халықтарының осал және күшті тұстарын пайдалану арқылы бұзуға иек артты. Атап айтсақ, 1941ж. соңына қарай вермахт қолбасшылығы кеңестік мұсылмандар большевизмге барынша қарсы және «олар жақсы солдат бола алатын қасиеттерге ие» деген қорытындыға келді.

Газеттердегі жұмысқа ұлттық республикалардың жетекші әдеби күштері кеңінен тартылды. «Правдада» М. Бажан, А. Корнейчук, В. Василевская, П. Бровка, Я. Колас, Я. Купала, Жамбыл Жабаев пен өзгелері бірнеше реттен жарияланды. Соғыстың алғашқы жарты жылында газет беттерінде 98 өлең жарияланып, оның 36-сы ұлттық ақындардікі болды; 170 публицистикалық материал жарияланып, оның 59-ының авторлығы КСРО-ның көптеген халқының өкілдерінікі болды.

Әскери баспасөз түрлі ұлттар мен ұлыстардың жауынгерлік және еңбек майданындағы деректері туралы ғана жазып қойған жоқ. Алдыңғы қатарлы және редакциялық мақалаларда КСРО халықтарының экономика, саясат, әлеумет пен мәдениет саласындағы жетістіктеріне назар аударылды, ал сол кездері осы салалардан «лениндік-сталиндік ұлттық саясаттың» нәтижелері көрініс тапты» деп айту қабылданған еді. Мұның өзінде ел халықтарының тарихи тағдырының ортақтығы идеясы жан-жақты насихатталып, ұлттық теңдік «социализмнің шынайы жеңісі», «кеңестік құрылымның ұлы артықшылықтарының» бірі ретінде көрсетілді.

Бұл тақырыптар кеңес мемлекетінің және жекелеген республикалардың өміріндегі атаулы даталарға байланысты кеңінен таратылды, мысалы, КСРО құрылуының 20 жылдығы және УКСР-дың 25 жылдығы (1942 ж.). КСРО халықтары достығының идеясы мен пролетарлық интернационализмді насихаттау 1942ж. жазы мен күзінде, сондай-ақ соғыстың соңғы кезеңінде ерекше кең ауқымда жүргізілді. Бірінші жағдайда бұл майдан мен елдегі жалпы алғандағы ауыр жағдайға, соғыс қимылдарының халқының басым бөлігі мұсылман болған көп ұлтты аудандарға қарай жылжуымен байланысты болды. Екінші жағдайда интернационалды бауырластық тақырыбына жүгіну фашистерден босатылған аудандарда идеологиялық жұмыстың жалпы күшейтілуі және Қызыл Армияның Еуропа халықтарына қатысты азат етушілік миссиясының мақсаттарын түсіндіру мәселесінің бірінші кезекке шыққанымен байланысты болды.

Материалдардың бірінші тобы үшін ұлттық тақырып бойынша, мысалы, Жоғарғы Кеңес Президиумының хатшысы А.Ф. Горкиннің «Дружба народов СССР — величайшая сила в Отечественной войне» мақаласы тән болды, ол 1942 ж. 1 қарашада «Правдада» жарияланды — ал бұл кез Кавказбен Сталинград үшін кескілескен ұрыс жүріп жатқан уақыт болатын. Мақалада кеңес билігінің соғысқа дейінгі жылдардағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстағы «тарихи жетістіктердің» мағынасы атап көрсетілді — халықтардың құқықтық теңдігі орнап, Кеңес Одағы аясында ұлттық мемлекеттік құрылымдар құрылып, ұлттық республикалардың жедел экономикалық даму саясатының арқасында олардың іс жүзіндегі теңдігі қамтамасыз етілді. Бесжылдықтардың алғашқы жылдарындағы республикалардың экономикасы мен мәдениетінің өсуінің жоғарғы екіпін туралы «әсер қалдырарлық цифрлар» келтірілді. Мысалы, Белоруссияда соғыс алдында өнеркәсіптік өндіріс көлемі 8,5 есеге ұлғайған.

Орталық газеттер беттерінде басты орынның бірі кеңес халықтарының Ұлы Отан соғысы майдандарындағы жауынгерлік достығының насихатына берілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында мына тезис үнемі айтылды: «Қызыл Армия — көп ұлтты армия, КСРО халықтары достығының нәтижесі». ҚАҚБ БасНБ 1942 ж. 17 қыркүйектегі осыған дейін аталған директивасындамына талап болды: «Дивизиялық, армиялық, майдан және округ газеттерінде ұлты орыс емес қызыл әскерлермен тәрбиелік жұмыс тәжірибесі, олардың фашистермен ұрыстағы батырлығының мысалдары туралы ақпарат берілісін» [2].

Түрлі ұлт өкілдерінің майдандағы бауырластығының тақырыбы жекелеген жауынгер немесе біртұтас әскери бөлімдердің жауынгерлік жетістігін насихаттау арқылы ашылды. Барлық газеттер бомбалаушы Николай Гастеллоның интернационалды экипажының ерлігі туралы жазды, оның ұлты белорус, оның штурманы украин Анатолий Бурденко, атқыш-радистері — ненец Алексей Калинин мен орыс Григорий Скоробогатый болды. Аға саяси жетекші Минаевтың «Подвиг тринадцати советских воинов» атты 1942 ж. 6 шілдесінде «Правдада» жарияланған очеркінде Оңтүстік майдандағы бөлімдердің бірінде жаудың ондаған танкі мен жауын әскеріне қарсы тұрған азғантай ғана солдаттардың батырлығы баяндалды. 60 гитлершілдің көзін жойып, үш танкі өртеген он екі сарбаз ерлікпен қаза тапты. Олардың арасында ұлты украин саяси жетекші Григорий Гадерман мен қатардағы сарбаз Иван Пупченко, орыс Иван Гугонов, грузин Ермолай Чачия, әзербайжан Исмаил Алеуров, армян Грач Агдасарян және т.б. болды.

«Красная звезда» газеті 1943 жылы түрлі ұлт жауынгерлеріне арналған материалдар желісін жариялады. Олардың арасында И. Эренбургтің «Казахи» атты очеркі де бар. «Писем народов СССР к воинам-фронтовикам» деп аталған тақырыптың жариялануына маңызды тәрбиелік және насихаттық мағына берілді. Өзбектердің алғашқы ұжымдық үндеу хаты орталық және майдан газеттерінде 1942 ж. қазанында екі тілде — орыс және өзбек тілдерінде жарияланды. Оған 2 млн. 412 мыңадам қол қойды. 1943 жылдың ақпан-тамызында армян, татар, тәжік, түрікмен, белорус, қазақ және украин халықтарынан майдандарға хат жетіп, газеттерде жарияланды. Бұл хаттарға 10 млн. адам қол қойыпты [3].

Хаттардың барлығы бір схемамен жазылып, негізгі бірнеше тезистен тұрды. Бастапқыда әңгіме бақытты өмір мен гүлдеуге әрбір халықтың «Кеңес билігі мен лениндік-сталиндік ұлттық саясаттың арқасында қол жеткізгені» туралы айтылады. Сенімдірек болуы

үшін халықтардың жасампаз тарихи шығармашылыққа орай оянуының эпикалық картиналары кеңінен сипатталады. «Қазақстанның жерлері бұрын жеміс бермейтін еді, — делінді Қазақ КСР еңбекшілерінің хатында — небәрі жиырма бес жыл өтті...бірақ ел қалай өзгерді десенізші! Ал халқы қандай деңіз! Жер егістіктен мол жиын-терін беріп, ен далада шұбырған мал жайылып жүр. Тауда мыс жылтырап жатыр. Мұнай болса аспанға фонтан болып атқылауда».

Хаттарда барлық халықтың ортақ үйі Кеңес Одағы туралы ойлау атап көрсетілді. Жау бауырлас халықтардың үйіне келді және де оны жақындары өз үйіндей көріп қорғауы керек. Бұл туралы Өзбек КСР-ының еңбекшілері үндеу хатта былай жазды: «Енді үлкен ағаң орыстың, бауырларың белорустер мен украиндардың үйіне германдық басмашы баса көктеп кірді. Оның жүрген жерінің бәрі жұт пен жалмауыздық және ажал. Ал орыстың үйі – сенің де үйің! Себебі Кеңес Одағы тату отбасы, мұнда әркім өз үйінде тұрғанымен ауласы мен шаруашылығы бір және тұтас».

Майдангерлерге жазылған хаттарда орысқа КСРО халықтары үйіндегі «үлкен ағаның» ролі берілді, оның күшіне сүйеніп, ортақ жауды жеңуге болатыны туралы айтылды. Түрлі ұлт жауынгерлерінің санасына «үлкен аға» образын сіндіру үшін халықтың ақындық дәстүрлері қолданылды.

Үндеу хаттарда шайқастарда ержүректілік, табандылық танытып, қиындықтарды еңсеру туралы үндеу тасталды, ал жасық, сатқын, қашқын болу өзі және отбасы үшін маскара болып саналатыны ескертілді.

Фашистік басқыншыларға қарсы ортақ күресте КСРО халықтарының бірлігін нығайтудың құралы одақтас республикалар басшыларының газеттерде тұрақты түрде жариялаған есептері, Украина, Грузия, Орта Азия, Белоруссия, Қазақстан еңбекшілерінің Сталинге жазған еңбек баяндамалары, қалалар арасындағы өзара радиомен хабарласу болды. 1944 ж. 5 қарашада «Правда» мынадай ортақ тақырыппен материалдар жиынтығын жариялады: «Да здравствует нерушимость дружбы народов нашей страны! Семь советских столиц, освобожденных Красной Армией накануне славной годовщины Октября (аудармасы: Еліміздегі халықтар достығының мызғымастығы жасасын! Октябрьдің даңқты мерекесі қарсаңында Қызыл Армия азат еткен кеңес елдерінің жеті астанасы)», материалда Киев, Петрозаводск, Минск, Вильнюс, Кишинев, Таллин мен Риганың қалыпқа келу барысы туралы айтып берді.

Орталық газеттер соғыс жүрген бүкіл уақыт бойы ұлттар арасындағы байланыстарды бекітудің республикалар делегацияларының майданға баруы, жерлес жауынгерлерге сый-сарқыт, сәлемдеме жіберу секілді түрлері туралы да жазды. «Красный флот» газеті 1942 ж. сәуір-қарашасында «Дружба фронта и тыла» тұрақты айдарын жүргізіп, Балтық және Солтүстік флоттары делегацияларының Қазақстан, Орталық Азия еңбекшілерімен өзара алмасуы туралы жазды.

Ұлтаралық бірліктің насихаты соғыстың нақты мәселелерімен байланысты. Мысалы, 1942 ж. жазынан бері орталық және жергілікті баспасөзде орыс халқының КСРО-ның барлық халқының арасындағы басқарушы ролі атап көрсетіле бастады. Сталиндік басшылық «орыс факторын» саналы түрде көздеді. Нақты тарихи жағдайлармен анықталған КСРО мерзімдік баспасөзінің мәселелеріне сүйене отырып, Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО-дағы ұлттық қарым-қатынастар тақырыбы туралы жөні түзу ақпарат таратылды, ал бұл өз кезегінде кеңес халқының соғыста жеңіп шығуының бір себебі болғанын мойындауымыз керек. Бұл фактіні КСРО-ның одақтастары да лайықты бағалады. «Британский союзник» апталығы былай жазды: «Немістердің басты қателіктерінің бірі олардың көп ұлтты Кеңес мемлекетінің ауызбіршілігі жоқ деп ойлағаны болды және олар орыстардың өз отаны үшін соғысуға дайын екенін жете бағаламады» [3].

Қызыл Армия шабуылға кіріскен кезде редакциялар су кедергілерін еңсеру әдістері, елді мекендерді қорғау жүйелері, шегініп бара жатқын жаудың болған жерін қалай миналап кетуі мүмкін екені туралы материалдар жиынтығын жазды. Курск шайқасы кезінде «Военное обучение» газеті «Бронейбойщику» айдарында танк шабуылы кезінде жауынгер әрекеті, ұшақтарды ату әдістері туралы айтып берді.

Атап өту керек, газеттерде жарияланған хаттар арнайы корреспонденттердің материалдарынан да қатаң цензураға ұшырап отырды. Редакция қызметкерлерінің алдына нақты саяси-насихаттаушы мәселелер қойылды: халықтың партия басшылығының қателеспейтініне деген сенімін, Қызыл Армияның ақыры жеңіске жететініне сенімін, кеңес адамдарының жауынгерлік рухы және еңбекке ынтасын, солдаттар мен офицерлердің жоғары моральдік рухын қолдау және т.б.

Соғыс қимылдарының Кеңес Одағының шегінен тыс жерлерге көшірілуі Қызыл Армия солдаттары мен офицерлерінің еуропалық елдердің өмірі, тұрмысы, мәдениетімен тікелей бетпе-бет келуіне апарып соқтырды. Кеңес солдаттарының батыстың мәдени және саяси құндылықтарын қабылдау мәселелері насихаттаушы органдар, орталық газеттер мен журналдарының басты назарына ілікті.

Соғыстың ақырғы кезеңінде дүниетанымдық сипаттағы сауалдар идеологиялық жұмыстағы алғашқы орындарың бірін алды. Фашистік және буржуазиялық идеологияның әсеріне қарсы күрес, партиялық кадрлардың теориялық дайындығының ыдыраңқылығын болдырмау, бұқараны саяси тұрғыдан ағартуға ерекше назар аударылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында елдің саяси басшылығының алдында тұрған мәселелердің бірі ел мен шетелдегі оқиғалар туралы жедел және бақылаудағы ақпараттың анық жүйесін құру болды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Советские национальности в стратегической перспективе. - М., 1986. - С. 96.
2. Отанды қорғауда. Красноармейская газета Ленинградского фронта "Отанды қорғауда" за 1942-1945 гг. – Алматы, 2008. – 648 с.
3. Отанды қорғау мен қастерлеу: тарих және тағылым. Академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор, майдангер Т.Ә. Әшімбаевтың (1918-1995) әскери-отаншылдық ғұмырбаянын, шығармашылығын, ғылыми еңбегін байыптайға арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2008. – 150б.